Помогите избежать ненужных выездов специалистов, правильно указав заводской номер и номер изделия. Тем самым вы сэкономите связанные с этим дополнительные расходы.

Порядок ремонта и консультации при неполадках

Контактные данные для всех стран вы найдете в прилагаемом списке сервисных служб.

D	089 12 474 474
AA	0810 550 544
CH	0848 840 040

Қауіпсіздік техникасының нұсқаулары және ескертулер

Құрылғыны қолданысқа енгізу алдында

Пайдалану және монтаждау бойынша нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз! Ол құрылғыны орнату, пайдалану және оған техникалық қызмет көрсету туралы маңызды ақпаратты қамтиды.

Өндіруші пайдалану бойынша нұсқаулықтағы нұсқаулар мен ескертулер орындалмаған жағдайда жауапкершілікті өз мойнына алмайды. Барлық құжаттарды кейінірек пайдалану немесе кейінгі пайдаланушы үшін сақтап қойыңыз.

Техникалық қауіпсіздік

Хладагент контурының құбырларында кем көлемде қоршаған орта үшін қауіпсіз, бірақ тұтана алатын хладагент (R600a) ағады. Ол озон қабатына зиян келтірмей, жылыжай әсерін арттырмайды. Хладагент шыққан жағдайда көзге зақым келтіруі немесе тұтануы мүмкін.

Зақымдалған жағдайда

- ашық жалынды немесе тұтану көздерін құрылғыдан алыстатыңыз,
- бөлмені бірнеше минут ішінде жақсылап желдетіңіз,
- құрылғыны өшіріп, желілік ашаны суырып алыңыз,
- қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Құрылғыда қаншалықты көп хладагент болса, құрылғы тұрған бөлме соншалықты үлкен болуы керек. Тым тар камераларда кему орын алғанда, тұтанғыш газ бен ауа қоспасы пайда болуы мүмкін. Хладагенттің әр 8 г үшін камера көлемі кемінде 1 м³ болуы тиіс. Құрылғының хладагент мөлшері құрылғының ішіндегі фирмалық тақтайшада көрсетілген.

Аталмыш құрылғының желілік жалғағыш сымы зақымдалған жағдайда, оны өндіруші, қызмет көрсету орталығы немесе басқа білікті тұлға ауыстыруы тиіс. Тиісінше орындалмаған орнату және жөндеу жұмыстары пайдаланушы үшін айтарлықтай қауіпті болуы мүмкін.

Жөндеу жұмыстарын тек өндірушіге, қызмет көрсету орталығына немесе басқа білікті тұлғаға өткізуге рұқсат етіледі.

Тек өндірушінің түпнұсқа бөлшектерін пайдалану қажет. Тек осы бөлшектермен ғана өндіруші қауіпсіздік талаптарының орындалуына кепіл береді.

Көп ұялы розеткаларды, ұзартқыш кабельдерді немесе адаптерлерді пайдаланбаңыз.

Пайдалану кезінде

- Еш жағдайда құрылғы ішінде электрлік құрылғыларды пайдаланбаңыз (мысалы, жылытқыш құрылғылар, электрлік мұз дайындау құралы және т.с.с.). Жарылыс қаупі бар!
- Еш жағдайда құрылғыны бумен тазалағыш құрылғы арқылы ерітпеңіз немесе тазаламаңыз! Бу электрлік бөлшектерге түсіп, қысқа тұйықталуды тудыруы мүмкін. Ток соғу қаупі бар!
- Қырау не мұз қабатын кетіру үшін үшкір немесе өткір жиекті заттарды пайдалануға болмайды. Осылайша хладагент құбырларына зақым келтіруіңіз мүмкін. Шашырап шыққан хладагент тұтануы немесе көзге жарақат тигізуі мүмкін.
- Тұтанғыш газ түріндегі отыны бар өнімдерді (мысалы, аэрозольдік баллон) және жарылғыш заттарды сақтамаңыз. Жарылыс қаупі бар!
- Іргені, сөрелерді, есіктерді және т.с.с. тұпқойма немесе тірек ретінде пайдалануға болмайды.
- Еріту және тазалау үшін желілік ашаны суырып алыңыз немесе сақтандырғышты өшіріңіз. Жалғағыш кабельді емес, желілік ашаны ұстап тартыңыз.
- Құрамындағы спирт пайызы жоғары алкогольді тек тығыз жауып, тік күйде сақтаңыз.
- Пластик бөлшектерді және есік тығыздауышын сұйық маймен немесе жағармаймен лаптап тастамаңыз. Кері жағдайда пластик бөлшектер мен есік тығыздауышы кеуек болып қалады.

- Құрылғыға арналған желдеткіш саңылауларды еш жағдайда жаппаңыз немесе оларға бөгет келтірмеңіз.
- **Балалар мен қауіп тобындағы адамдар үшін тәуекелдерді болдырмау:**
 Қауіп тобына балалар, дене, сезім немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдар және құрылғыны қауіпсіз пайдалану туралы білімі жеткіліксіз адамдар жатады. Балалар және қауіп тобына жататын адамдар қауіптерді түсініп алғанын тексеріңіз. Қауіпсіздік үшін жауапты адам балалар мен қауіп тобына жататын адамдарды жұмыс кезінде қадағалауы және оларға нұсқау беріп отыруы тиіс.
 Тек 8 жасқа толған балаларға құрылғыны қолдануға рұқсат беріңіз.
 Тазалау және техникалық қызмет көрсету кезінде балаларды қадағалаңыз.
 Еш жағдайда балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Мұздатқыш камерада бөтелкелер мен құтылар ішіндегі сұйықтықтарды сақтамаңыз (әсіресе газдалған сусындарды). Бөтелкелер мен құтылар жарылуы мүмкін!
- Ешқашан мұздатылған өнімді мұздатқыш камерадан шығарғаннан кейін бірден ауызға салмаңыз. Суықтан күйіп қалу қаупі бар!
- Қолдың мұздатылған өніммен, мұзбен немесе буландырғыш құбырларымен және т.с.с. заттармен ұзақ мерзімді жанасуына жол бермеңіз. Суықтан күйіп қалу қаупі бар!

Үйдегі балалар

- Орауыш пен оның бөлшектерін балаларға қалдырмаңыз. Жиналмалы қораптан және үлдірден тұншығу қаупі бар!
- Құрылғы балалар үшін ойыншық емес!
- Есік құлпы бар құрылғыда: кілтті балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз!

Жалпы шарттар

Құрылғы төмендегі мақсаттарға арналған:

- ас өнімдерін тоңазыту және мұздату,
- мұз дайындау.

Бұл құрылғы жеке үй-жайда және тұрмыстық ортада пайдалануға арналған.

Құрылғы Еуропа Одағының 2004/108/ЕС директивасына сәйкес радио кедергілер тудырмайды.

Хладагент контурының саңылаусыздығы тексерілді.

Аталмыш бұйым электр құрылғыларына арналған тиісті қауіпсіздік ережелеріне (EN 60335-2-24) сәйкес келеді.

Бұл құрылғы теңіз деңгейінен ең көбі 2000 метр жоғары биіктікте пайдалануға арналған.

Кәдеге жарату бойынша нұсқаулар

* Орауышты кәдеге жарату

Орауыш құрылғыңызды тасымалдау кезіндегі зақымдардан қорғайды. Пайдаланылған барлық материалдар қоршаған ортаға зиян келтірмейді және қайта өңдеуге жарамды. Орауышты қоршаған ортаға зиян келтірмей кәдеге жаратуға үлесіңізді қосыңыз.

Қолданыстағы кәдеге жарату жолдары туралы мамандандырылған кәсіпорыннан немесе жергілікті билік органдарынан біліп алыңыз.

* Ескі құрылғыны кәдеге жарату

Ескі құрылғылар пайдасыз қоқыс емес! Қоршаған орта үшін қауіпсіз жолмен кәдеге жарату арқылы құнды шикізатты қайта пайдалануға болады.



Бұл құрылғы электрлік және электрондық ескі құрылғылар (waste electrical and electronic equipment WEEE) бойынша 2012/19/EU еуропалық директивасына сәйкес таңбаланған.

Директива ескі құрылғыларды ЕО бойынша қабылдау және қайта өңдеу шеңберін белгілейді.

Ескерту

Қолданыстан шығарылған құрылғылар үшін

1. Желілік ашаны суырып алыңыз.
2. Жалғағыш кабельді ажыратып, желілік ашамен бірге шығарып алыңыз.
3. Балалардың ішке кіруіне жол бермеу үшін сөрелер мен контейнерлерді шығармаңыз!
4. Балаларға ескі құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз. Тұншығу қаупі бар!

Тоңазытқыштар хладагент пен оқшауланған газдарды қамтиды. Хладагент пен газдарды тиісінше кәдеге жарату қажет. Хладагент контурының құбырларын тиісінше кәдеге жаратылмағанша зақымдап алмаңыз.

Жеткізілім жиынтығы

Орауыштан шығарғаннан кейін барлық бөлшектерде тасымалдаудан туындаған зақымдардың бар-жоғын тексеріп шығыңыз.

Наразылық туындаған жағдайда, сізге құрылғыны сатқан мамандандырылған кәсіпорынға немесе біздің қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Жеткізілім жиынтығы мына бөлшектерден тұрады:

- Дербес құрылғы
- Жабдықталуы (үлгіге байланысты)
- Монтаждық материалы бар қап
- Пайдалану бойынша нұсқаулық
- Монтаждау бойынша нұсқаулық
- Қызмет көрсету дәптері
- Кепілдік талоны
- Электр қуатын пайдалану және шуылдар туралы мәліметтер

Орнату орны

Орнату орны ретінде құрғақ, желдетуге болатын бөлме жарамды. Орнату орнына тікелей күн сәулелері түспеуі тиіс және ол пеш, радиатор және т.б. сияқты жылу көздерінің жанында болмауы тиіс. Егер жылу көздерінің жанында орнатудан бас тарту мүмкін болмаса, арнайы оқшаулағыш тақтаны қолданыңыз немесе жылу көздерінен төменде көрсетілген минималды аралықты сақтаңыз:

- Электр және газ пештерінен 3 см.
- Маймен немесе көмірмен жұмыс істейтін пештерден 30 см.

Орнату орнындағы еден майыспауы керек. Еденді қажетінше нығайтыңыз. Еденді болуы мүмкін тегіс емес жерлерді төсемелердің көмегімен тегістеңіз.

Қабырғаға дейінгі аралық

Құрылғыны, 90° есікті ашу бұрышы бар болатындай етіп орнатыңыз.

Бөлме температурасын және ауа алмасуды ескеру

Бөлме температурасы

Құрылғы белгілі бір климат класы үшін жобаланған. Климат класына байланысты құрылғыны төмендегі бөлме температурасында пайдалануға болады.

Климат класы фирмалық тақтайшада көрсетілген, сурет 14.

Климат класы	Рұқсат етілген бөлме температурасы
SN	+10°C және 32°C аралығында
N	+16°C және 32°C аралығында
ST	+16°C және 38°C аралығында
T	+16°C және 43°C аралығында

Ескерту

Құрылғы белгіленген климат класының бөлме температурасының аясында жұмыс істеуге толықтай қабілетті. Егер SN климат класына жататын құрылғы төменірек бөлме температураларында пайдаланылса, құрылғы +5°C шамасындағы температураға дейін зақымдалмай жұмыс істейді.

Желдету

Сурет 2

Құрылғының артқы мен бүйірлік қабырғаларындағы ауа қызып кетеді. Қызған ауаның кедергісіз шығу мүмкіндігі болуы керек. Кері жағдайда тоңазытқыш көбірек күш жұмсауы тиіс. Бұл тұтынылатын тоқты арттырады. Сондықтан: еш жағдайда желдеткіш саңылауларды жаппаңыз немесе оларға бөгет келтірмеңіз!

Құрылғыны жалғау

Құрылғыны орнатқаннан кейін, ол іске қосылғанша, кемінде 1 сағат күтіңіз. Тасымалдау барысында тығыздауышта болған май тоңазыту жүйесіне құйылып кетуі мүмкін.

Алғаш рет қолданысқа енгізу алдында құрылғының ішін тазалаңыз («Құрылғыны тазалау» бөлімін қараңыз).

Электр желісіне қосылым

Розетка құрылғының жанында және оны орнатқаннан кейін де еркін қолжетімді болуы керек.



Ескерту

Ток соғу қаупі бар!

Егер желілік жалғағыш сымның ұзындығы жеткілікті болса, еш жағдайда көп ұялы розетканы немесе ұзартқыш кабельді пайдаланбаңыз. Оның орнына қызмет көрсету орталығына хабарласып, баламалар туралы сұраңыз.

Құрылғы I қорғаныс сыныбына сәйкес келеді. Құрылғыны қорғаныш сымы бар тиісінше орнатылған розетка арқылы 220–240 В/50 Гц айнымалы ток желісіне жалғаңыз. Розетка 10 А – 16 А сақтандырғышпен қорғалуы керек.


Еуропадан тыс елдерде пайдаланылатын құрылғылар үшін берілген кернеу мен ток түрі үйдегі электр желіңіздің мәндеріне сәйкес келетіндігін тексеріп шығыңыз. Бұл деректерді фирмалық тақтайшада таба аласыз, сурет 14.

Ескерту

Құрылғыны еш жағдайда электр қуатын үнемдейтін электрондық ашаға жалғауға болмайды.

Біздің құрылғыларды пайдалану үшін синустық және желілік инверторларды пайдалануға болады. Желілік инверторлар ашық электр желісіне тікелей жалғанған фотоэлектрлік жүйелерде қолданылады. Ашық электр желісіне тікелей жалғанбаған дербес шешімдерде (мысалы, кемелерде немесе таудағы лашықтарда) синустық инверторлар қолданылуы тиіс.

Құрылғымен танысу



Суреттері бар соңғы бетті ашыңыз. Бұл пайдалану бойынша нұсқаулық бірнеше үлгіге жарамды.

Үлгілердің жабдықталуы әртүрлі болуы мүмкін.

Суреттерде айырмашылықтар болуы мүмкін.

Сурет **1**

* Барлық үлгілерде бар бола бермейді.

- A Тоңазытқыш камера
 - B Мұздатқыш камера
- 1–11 Басқару элементтері
 - 12* Май және ірімшік бөлімі
 - 13 Шағын бөтелкелерге арналған сөре
 - 14 Үлкен бөтелкелерге арналған сөре
 - 15 Жарықтандыру (жарық диоды)
 - 16* Бөтелкелер сөресі
 - 17* Таңғы ас жинағы
 - 18 Салқын күйде сақтау бөлімі
 - 19 Ылғалдылық реттегіші бар көкөніс контейнері
 - 20* Мұздатылған өнімдерге арналған контейнер

Басқару элементтері

Сурет **4**

- 1 **Тоңазытқыш камераның Super түймесі**
Айрықша тоңазыту функциясын қосу және өшіру үшін қолданылады.
- 2 **Тоңазытқыш камераның температура индикаторы**
Көрсеткіштер °C бойынша реттелген тоңазытқыш камера температурасына сәйкес келеді.
- 3 **Тоңазытқыш камера температурасын реттеу түймелері**
Бұл түймелердің көмегімен тоңазытқыш камераның температурасы реттеледі.
- 4 **Fresh түймесі**
Fresh режимін қосу және өшіру үшін қолданылады.
- 5 **есо түймесі**
Үнемдеу режимін қосу және өшіру үшін қолданылады.
- 6 **Vacation түймесі**
Демалыс режимін қосу және өшіру үшін қолданады («Демалыс режимі» бөлімін қараңыз).
- 7 **«On/Off» түймесі**
Бүкіл құрылғыны қосу және өшіру үшін қолданылады.
- 8 **Дабыл түймесі**
Ескерту сигналын өшіру үшін қолданылады («Дабыл функциясы» бөлімін қараңыз).
- 9 **Мұздатқыш камераның Super түймесі**
Айрықша мұздатуды қосу және өшіру үшін қолданылады.

10 **Мұздатқыш камераның температура индикаторы**
Керсеткіштер °C бойынша реттелген мұздатқыш камера температурасына сәйкес келеді.

11 **Мұздатқыш камера температурасын реттеу түймелері**
Бұл түймелердің көмегімен мұздатқыш камераның температурасы реттеледі.

Құрылғыны қосу

Сурет **4**

1. Құрылғыны қосу/өшіру түймесінің 7 көмегімен қосыңыз.
Ескерту сигналы беріліп, температура индикаторы 10 жыпылықтайды және дабыл түймесі 8 жанады.
2. Дабыл түймесін 8 басу арқылы ескерту сигналы өшіп қалады.
Құрылғы тоңазытуды бастайды. Жарықтандыру жүйесі есік ашық болғанда қосылады.

Әдепкі бойынша төмендегі температуралар ұсынылады:

- Тоңазытқыш камера +4°C
- Мұздатқыш камера -18°C

Пайдалану бойынша нұсқаулар

- Құрылғыны қосқаннан кейін, реттелген температураға жеткенше, бірнеше сағат кетуі мүмкін. Құрылғы ішіне ешқандай ас өнімдерін алдын ала салмаңыз.
- Толық автоматты NoFrost жүйесінің арқасында мұздатқыш камерада мұз пайда болмайды. Еріту қажет емес.
- Корпустың дөңбек жақтары ішінара азғантай қызады, бұл есік тығыздаушының аймағында конденсаттың пайда болуына жол бермейді.
- Егер мұздатқыш камераның есігі жабылғаннан кейін бірден қайта ашылмаса, пайда болған қысым айырмашылығы теңестірілгенше күтіңіз.

Температураны реттеу

Сурет **4**

Тоңазытқыш камера

Температураны +2°C және +8°C аралығында реттеуге болады.

Тоңазытқыш камера температурасын реттеу түймесін 3, тоңазытқыш камераның қажетті температурасы реттелгенше басыңыз.

Соңғы реттелген мән жадта сақталады. Реттелген температура тоңазытқыш камераның температура индикаторында 2 көрсетіледі.

Тез бұзылатын ас өнімдерін +4°C температурасынан асырмай сақтау қажет.

Мұздатқыш камера

Температураны -16°C және -24°C аралығында реттеуге болады.

Мұздатқыш камера температурасын реттеу түймесін 11, мұздатқыш камераның қажетті температурасы реттелгенше басыңыз.

Соңғы реттелген мән жадта сақталады. Реттелген температура мұздатқыш камераның температура индикаторында 10 көрсетіледі.

Арнайы функциялар

Сурет **4**

Балғындық режимі

Балғындық режимі ас өнімдерін одан да ұзақ сақтауға мүмкіндік береді.

Қосу:

fresh түймесін басыңыз.

Құрылғыда автоматты түрде төмендегі температуралар реттеледі:

- Тоңазытқыш камера: +2°C
- Мұздатқыш камера: өзгеріссіз қалады

Өшіру:

fresh түймесін басыңыз.

Үнемдеу режимі

Үнемдеу режимі құрылғыны қуат үнемдеу режиміне ауыстыруға мүмкіндік береді.

Қосу:

есо түймесін басыңыз.

Құрылғыда автоматты түрде төмендегі температуралар реттеледі:

- Тоңазытқыш камера: +8°C
- Мұздатқыш камера: -16°C

Өшіру:

есо түймесін басыңыз.

Демалыс режимі

Үйде ұзақ уақыт болмасаңыз, құрылғыны қуат үнемдейтін демалыс режиміне ауыстыруға болады.

Тоңазытқыш камераның температурасы автоматты түрде +14°C мәніне ауысады.

Бұл уақытта тоңазытқыш камерада ешқандай ас өнімдерін сақтамаңыз.

Қосу:

Vacation түймесін басыңыз.

Құрылғыда автоматты түрде төмендегі температуралар реттеледі:

- Тоңазытқыш камера: +14°C
- Мұздатқыш камера: өзгеріссіз қалады

Өшіру:

Vacation түймесін басыңыз.

sabbath режимі

sabbath режимі қосылғанда, төмендегі реттеулер өшіріледі:

- Акустикалық сигналдар
- Ішкі жарықтандыру
- Индикация панеліндегі хабарлар
- Индикация панелінің фондық жарығы азайтылады
- Түймелер құлыптанады

sabbath режимін қосу және өшіру:

Мұздатқыш камераның super түймесін 15 секунд ішінде басыңыз.

Дабыл функциялары

Есік дабылы

Есік дабылы (үздіксіз сигнал), құрылғы есігі бір минуттан ұзақ ашық тұрғанда қосылады. Есік жабылғанда, ескерту сигналы өшіп қалады.

Температура дабылы

Температура дабылы, мұздатқыш камерада тым жылы болғанда және мұздатылған өнімдерге қауіп төнген жағдайда қосылады.

Дабыл түймесі 8 басылғаннан кейін, мұздатқыш камераның температура индикаторы 10 мұздатқыш камерада басымды болған ең жылы температураны бес секунд ішінде көрсетеді.

Содан кейін бұл мән өшіп қалады. Мұздатқыш камераның температура индикаторы 10 жыпылықтамай, мұздатқыш камераның реттелген температурасын көрсетеді.

Осы сәттен бастап ең жылы температура жаңадан белгіленіп, жадта сақталады.

Мұздатылған өнімдерге еш қауіп төндірмей, дабыл мына жағдайларда қосылуы мүмкін:

- құрылғыны қолданысқа енгізген кезде,
- балғын ас өнімдерінің үлкен мөлшерін салғанда,
- мұздатқыш камера есігі тым ұзақ ашық тұрғанда.

Ескерту

Ерітілген немесе жібітілген өнімдерді қайта мұздатуға болмайды. Оларды тек дайын күйге дейін әзірлегеннен кейін (пісіру немесе қуыру арқылы) қайта мұздатуға болады.

Максималды сақтау мерзімін ары қарай толық пайдаланбаңыз.

Дабылды өшіру

Ескерту сигналын өшіру үшін дабыл түймесін 8 басыңыз.

Пайдалы сыйымдылығы

Пайдалы сыйымдылық туралы мәліметтер құрылғының фирмалық тақтайшасында көрсетілген. Сурет **14**

Мұздату көлемін толықтай пайдалану

Мұздатылған өнімдердің максималды мөлшерін орналастыру үшін контейнерді шығаруға болады. Содан кейін ас өнімдерін тікелей сөре үстіне немесе мұздатқыш камераның түбіне қабаттастырып қоюға болады.

Ескерту

Ас өнімдері мен артқы қабырға арасындағы жанасуды болдырмаңыз. Әйтпесе ауа айналымына кедергі келтіресіз.

Ас өнімдері немесе орауыштар артқы қабырғаға жабысып қалуы мүмкін.

Жабдық бөлшектерін шығару

Мұздатылған өнімдерге арналған контейнерді шегіне дейін сыртқа тартыңыз, алдыңғы жағынан көтеріңіз және шығарып алыңыз. Сурет **10**

Тоңазытқыш камера

Тоңазытқыш камера ет, шұшық, балық, сүт өнімдерін, жұмыртқа, дайын тағамдар мен нанды сақтау үшін мінсіз орын болып табылады.

Сақтауға қойған кездегі нұсқаулар

- Балғын, бұзылмаған ас өнімдерін сақтауға қойыңыз. Осылайша сапасы мен балғындығы ұзақ уақыт сақталады.
- Дайын өнімдер мен салындысы бар өнімдер үшін өндіруші ұсынған минималды сақтау немесе пайдалану мерзімін сақтаңыз.
- Азық-түліктің иісін, түсін және балғындығын сақтау үшін оны жақсы орап немесе қаптап орналастырыңыз. Осылайша тоңазытқыш камерадағы бір тағамның дәмі және пластик бөлшектердің түстері басқа өнімдерге жұқпайды.
- Жылы тағамдарды және сусындарды суытқаннан кейін ғана құрылғыға салыңыз.

Ескерту

Ауа айналымына кедергі жасамау үшін ауа шығару сағылауларын ас өнімдерімен жаппаңыз. Ауа шығару сағылауларының алдында тұрған ас өнімдері шығып тұрған суық ауадан мұздатылуы мүмкін.

Тоңазытқыш камерадағы суық аймақтарға назар аудару

Тоңазытқыш камерадағы ауа айналымы арқылы әртүрлі суық деңгейіне ие аймақтар пайда болады:

- Ең суық аймақтар ауа шығару саңылауларының алдында және салқын күйде сақтау бөлімінде орналасқан, сурет **1**/18.

Ескерту

Ең суық аймақтарда тез бұзылатын ас өнімдерін сақтаңыз (мысалы, балық, шұжық, ет).

- Ең жылы аймақ есіктегі ең жоғарғы жақта орналасқан.

Ескерту

Ең жылы аймақта, мысалы, ірімшік пен майды сақтаңыз. Осылайша қатты ірімшік түрлері өз дәмі мен жұпарын сақтап, ал май жұмсақ күйінде сақталады.

Ылғалдылық реттегіші бар көкөніс контейнері

Сурет **8**

Көкөніс пен жеміс үшін оңтайлы сақтау климатын жасау үшін көкөніс контейнеріндегі ауа ылғалдылығын реттеуге болады:

- көбінесе көкөністер және аралас өнімдер салынғанда немесе салынған өнімдердің көлемі аз болғанда – жоғары ауа ылғалдылығы
- көбінесе жеміс салынғанда және үлкен көлемде салынғанда – төмен ауа ылғалдылығы

Ескерту

- Суыққа сезімтал жемістерді (мысалы, ананас, банан, папайя және цитрус тұқымды жеміс) және көкөністерді (мысалы, баялды, қияр, кәдіш, бұрыш, қызанақ және картоп) өздерінің сапасы мен жұпар иісін сақтау үшін тоңазытқышқа салмай, температурасы +8°C және +12°C аралығындағы ортада сақтау қажет.
- Сақталатын өнімдер мен осы өнімдердің көлеміне байланысты көкөніс контейнерінде конденсат пайда болуы мүмкін. Конденсатты құрғақ шүберекпен сүртіп, көкөніс контейнеріндегі ауа ылғалдылығын ылғалдылық реттегіші арқылы бейімдеңіз.

Салқын күйде сақтау бөлімі

Сурет **9**

Салқын күйде сақтау бөлімінде тоңазытқыш камерадан төменірек температуралар басым болады. Сондай-ақ 0°C шамасынан төмен температуралар пайда болуы мүмкін.

Балық, ет және шұжық өнімдерін сақтау үшін мінсіз. Салаттар, көкөніс пен суыққа сезімтал өнімдерді сақтау үшін жарамсыз.

Салқын күйде сақтау бөлімдеріндегі температураны желдеткіш саңылау арқылы өзгертуге болады.

Температураны төмендету үшін температура реттегішін жоғары қарай жылжытыңыз. Температураны көтеру үшін температура реттегішін төмен қарай жылжытыңыз. Сурет **7**

Айрықша тоңазыту

Айрықша тоңазыту функциясы қосылғанда, тоңазытқыш камера шамамен 6 сағат бойы барынша қатты тоңазытылады. Содан кейін айрықша тоңазыту алдында реттелген температура автоматты түрде орнатылады.

Айрықша тоңазыту функциясын, мысалы, мына жағдайларда қосыңыз:

- ас өнімдерінің үлкен мөлшерін салу алдында.
- сусындарды жылдам тоңазыту үшін.

Қосу және өшіру

Сурет **4**

Super түймесін 1 басыңыз.

Айрықша тоңазыту функциясы қосылып тұрғанда, түйме жанып тұрады.

Ескерту

Егер айрықша тоңазыту функциясы қосылып тұрса, жұмыс кезінде асқын шуыл пайда болуы мүмкін.

Мұздатқыш камера

Мұздатқыш камераны пайдалану

- Жылдам мұздатылған ас өнімдерін сақтауға арналған.
- Мұз текшелерін жасауға арналған.
- Ас өнімдерін мұздатуға арналған.

Ескерту

Мұздатқыш камера есігінің әрдайым жабық тұрғанына көз жеткізіңіз! Есік ашылса, мұздатылған өнім еріп, мұздатқыш камераны мұз қатты басып қалады. Оған қоса: жоғары ток тұтынылуынан электр қуаты пайдасыз қолданылады!

Макс. мұздату мүмкіндігі

24 сағат бойынша макс. мұздату мүмкіндігі туралы ақпарат фирмалық тақтайшада көрсетілген. Сурет **14**

Макс. мұздату мүмкіндігіне арналған алғышарттар

- Балғын өнімдерді салмас бұрын айрықша мұздату функциясын қосыңыз («Айрықша мұздату» бөлімін қараңыз).
- Контейнерді шығарып алыңыз; ас өнімдерін тікелей сөрелер мен мұздатқыш камера түбіне қабаттастырып қойыңыз.
- Ас өнімдерінің үлкен мөлшерін ең жоғарғы бөлімде мұздатқан жөн. Сол жерде олар айрықша жылдам және ұқыпты мұздатылады.

Мұздату және сақтау

Жылдам мұздатылған өнімдерді сатып алу

- Орауыш бүтін болуы керек.
- Жарамдылық мерзімін ескеріңіз.
- Дүкеннің сәресіндегі температура - 18°C немесе одан төмен болуы керек.
- Жылдам мұздатылған өнімдерді мүмкіндігінше жылу өткізбейтін сөмкеде тасымалдаңыз және тез арада мұздатқыш камераға салыңыз.

Орналастыру кезінде назар аударыңыз

- Ас өнімдерінің үлкен мөлшерін ең жоғарғы бөлімде мұздатқан жөн. Сол жерде олар айрықша жылдам және ұқыпты мұздатылады.
- Ас өнімдерін бөлімдерге немесе мұздатылған өнімдерге арналған контейнерлерге іріктеп салыңыз.

Ескерту

Әлдеқашан мұздатылған ас өнімдері жаңа мұздатылған ас өнімдерімен жанаспауы керек. Қажет болса, мұздатылған ас өнімдерін мұздатылған өнімдерге арналған басқа контейнерлерге салыңыз.

Мұздатылған өнімдерді сақтау

Ауаның кедергісіз айналымын қамтамасыз ету үшін мұздатылған өнімдерге арналған контейнерді тірелгенше ішке кіргізіңіз.

Балғын ас өнімдерін мұздату

Мұздату үшін тек балғын әрі бұзылмаған ас өнімдерін пайдаланыңыз.

Ж?ымдылы?ты, хош иісті және т?сті барынша са?тау ?шін к?к?ністерді м?здату алдында булау керек. Жертатақты, қызыл бұрышты, цукини мен қояншөпті булау қажет емес.

Мұздату және булау туралы мәліметтерді кітап дүкендерінен таба аласыз.

Ескерту

Мұздатылатын ас өнімдері әлдеқашан мұздатылған өнімдермен жанаспауы тиіс.

- Мұздатуға жарамды өнімдер: нан, балық және теңіз өнімдері, ет, жабайы құс, үй құсы, көкөністер, жеміс, көкөніс, қабығы жоқ жұмыртқа, ірімшік, май және сүзбе сияқты сүт өнімдері, сорпа, айнтопф, бұқтырылған ет пен балық сияқты дайын тағамдар мен тағам қалдығы, картоп тағамдары, пісірме және десерт.
- Мұздатуға жарамсыз өнімдер: шикі түрде тағам болатын көкөністер, мысалы, жапырақ салат немесе шалғам, қабығы бар жұмыртқа, жүзім, алма, алмұрт және тәтті өрік, қатып пісірілген жұмыртқа, йогурт, ұйыған сүт, қаймақ, крем-фреш және майонез.

Мұздатылатын өнімдерді орау

Ас өнімдерін ауа өткізбейтіндей етіп ораңыз, сонда олардың дәмі және суы сақталады.

1. Ас өнімдерін орауышқа салыңыз.
2. Ауаны шығарыңыз.
3. Орауышты ауа өткізбейтіндей етіп жабыңыз.
4. Орауышқа тағамның атауын және мұздатылған күнін жазыңыз.

Орауыш ретінде төмендегілер жарамды:

пластик орауыштар, полиэтилен, алюминий үлдірі, қаңылтыр бөтелкелер. Бұл өнімдер мамандандырылған дүкендерде сатылады.

Орауыш ретінде төмендегілер жарамсыз:

орауыш қағаз, пергамент, целлофан, қоқыс пакеттері және пайдаланылған сөмкелер.

Жабу үшін төмендегілер жарамды: резеңке сақиналар, пластик қысқыштар, баулар, суыққа төзімді жабысқақ таспалар және т.б.

Полиэтиленнен жасалған қаптар мен жеңдік үлдірді үлдір дәнекерлеу құрылғысымен дәнекерлеуге болады.

Мұздатылған өнімдердің жарамдылық мерзімі

Жарамдылық мерзімі ас өнімінің түріне байланысты болады.

-18°С шамасындағы температурада:

- Балық, шұжық, дайын тағамдар, нан: 6 айға дейін
- Ірімшік, ??с, ет: 8 айға дейін
- Көкөністер, жемістер: 12 айға дейін

Айрықша мұздату

Ас өнімдерінің дәрумендерін, азықтылығын, сыртқы түрін және дәмін сақтау үшін оларды барынша жылдам толығымен мұздатып қою керек.

Температураның орынсыз көтерілуіне жол бермеу үшін балғын ас өнімдерін салмас бұрын бірнеше сағатқа айрықша мұздату функциясын қосыңыз.

Әдетте 4–6 сағат жеткілікті болады.

Құрылғы қосылғаннан кейін тұрақты жұмыс істейді, мұздатқыш камерада өте төмен температура орнатылады.

Егер макс. мұздату мүмкіндігі қолданылса, айрықша мұздату функциясын балғын өнімдерді салудан 24 сағат бұрын қосу қажет.

Аз мөлшердегі ас өнімдерін (2 кг-ға дейін) айрықша мұздату функциясынсыз мұздатуға болады.

Ескерту

Егер айрықша мұздату функциясы қосылып тұрса, асқын жұмыс шуылдары пайда болуы мүмкін.

Қосу және өшіру

Сурет **4**

Super түймесін 9 басыңыз.

Айрықша мұздату функциясы қосылып тұрғанда, түйме жанып тұрады.

Айрықша мұздату функциясы шамамен 2½ күннен кейін автоматты түрде өшіп қалады.

Мұздатылған өнімдерді еріту

Түрі мен пайдалану мақсатына қарай мына мүмкіндіктердің бірін таңдауға болады:

- б?лме температурасында
- то?азып?ышты? ішінде
- ыстық ауа желдеткіші бар/жо? электрлік пеште
- микротол?ынды пеште

Назар аударыңыз

Ерітілген немесе жібітілген өнімдерді қайта мұздатуға болмайды. Оларды тек дайын күйге дейін әзірлегеннен кейін (пісіру немесе қуыру арқылы) қайта мұздатуға болады.

Мұздатылған өнімнің макс. жарамдылық мерзімін ары қарай толық пайдаланбаңыз.

Жабдықтау

Сөрелер және контейнерлер

Құрылғы ішіндегі сөрелерді және есік контейнерлерін қажетінше ауыстыруға болады: сөрелі алға қарай тартып түсіріңіз және бүйірінен сыртқа қайырыңыз. Контейнерді көтеріп шығарыңыз.

Арнайы жабдық

(барлық үлгілерде бар бола бермейді)

Май және ірімшік бөлімі

Май бөлімі қақпағының ортасын сәл басқанда, май бөлімі ашылады.

Бөлімді тазалау үшін астынан көтеріп шығарыңыз.

Таңғы ас жинағы

Сурет **5**

Таңғы ас жинағының контейнерін бөлек шығарып толтыруға болады.

Таңғы ас жинағын толтыру немесе босату үшін шығарып алуға болады. Ол үшін таңғы ас жинағын көтеріп, тартып шығарыңыз. Контейнердің ұстағышын жылжытуға болады.

Бөтелкелер сөресі

Сурет **6**

Бөтелкелер сөресінде бөтелкелерді бірек орналастыруға болады.

Мұз ыдысы

Сурет **13**

1. Мұз ыдысын $\frac{3}{4}$ бөлігіне ауыз сумен толтырып, мұздатқыш камераға қойыңыз.
2. Қатты мұздатылған мұз ыдысын тек декір затпен (қасық сабымен) босатыңыз.
3. Мұз текшелерін шығару үшін мұз ыдысын ағып тұрған судың астында қысқа мерзім ұстап, сәл бұраңыз.

Мұздату күнтізбесі

Сурет **12**

Мұздатылған өнімдердің сапасы төмендеп кетпеуі үшін, олардың сақтау мерзімінен асырмаңыз. Белгілердің жанындағы сандар мұздатылған өнімдердің рұқсат етілген сақтау мерзімін ай бойынша көрсетеді. Дүкеннен алынған жылдам мұздатылған өнімдердің өндірілген күні мен жарамдылық мерзіміне назар аударыңыз.

Суық аккумуляторы

Электр тогының берілуі тоқтап қалғанда немесе ақаулық орын алғанда, суық аккумуляторы камерадағы мұздатылған өнімдердің жылуын бәсеңдетеді. Суық аккумуляторын ең жоғарғы бөлімге ас өнімдерінің үстіне қою арқылы ең ұзақ сақтау мерзіміне қол жеткізуге болады.

Сондай-ақ суық аккумуляторын ас өнімдерін, мысалы, тоңазытқыш сөмкеде уақытша суық күйде ұстау үшін шығарып алуға болады.

«ОК» жапсырмасы

(барлық үлгілерде бар бола бермейді)
«ОК» жапсырмасының көмегімен тоңазытқыш камерада ас өнімдері үшін ұсынылған +4°C немесе одан төмен қауіпсіз температура диапазонына жеткенін тексеруге болады. Егер жапсырма «ОК» деп көрсетпесе, температураны біртіндеп төмендетіңіз.

Ескерту

Құрылғыны қолданысқа енгізгеннен кейін, реттелген температураға жеткенше, 12 сағатқа дейін уақыт өтуі мүмкін.



Тиісінше реттеу

Құрылғыны өшіру және істен шығару

Құрылғыны өшіру

Сурет 4

Қосу/өшіру түймесін 7 басыңыз. Тоңазытқыш өшіп қалады.

Құрылғыны істен шығару

Құрылғыны ұзақ уақыт бойы пайдаланбайтын жағдайда:

1. Құрылғыны өшіріңіз.
2. Желілік ашаны суырып алыңыз немесе сақтандырғышты өшіріңіз.
3. Құрылғыны тазалаңыз.
4. Құрылғы есігін ашық қалдырыңыз.

Ескерту

Құрылғының зақымдалуына жол бермеу үшін құрылғы есіктерін, олар өздігінен ашық тұратындай етіп ашу қажет. Есікті ашық ұстау үшін оған ешқандай заттарды қыспаңыз.

Еріту

Тоңазытқыш камера

Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде, тоңазытқыш камераның артқы қабырғасында конденсат тамшылары немесе қырау пайда болады. Артқы қабырға автоматты түрде ерігендіктен, қырауды немесе конденсат тамшыларын кетіру қажет емес.

Мұздатқыш камера

Толық автоматты NoFrost жүйесінің арқасында мұздатқыш камерада мұз пайда болмайды. Бұдан былай еріту қажет емес.

Құрылғыны тазалау

Назар аударыңыз

- Құрамында құм, хлор немесе қышқыл бар тазалағыш және еріткіш құралдарды пайдаланбаңыз.
- Абразивті немесе сызат түсіретін ысқыштарды пайдаланбаңыз. Металл беттерді тот басуы мүмкін.
- Сөрелер мен контейнерлерді ешқашан ыдыс жуғыш машинада жумаңыз. Бөлшектер деформациялануы мүмкін!

Тазалауға арналған су төмендегі аймақтарға түспеуі тиіс:

- Басқару элементтері
- Жарықтандыру
- Желдеткіш саңылаулар
- Аралық тақтадағы саңылаулар

Төменде көрсетілгендей әрекет етіңіз:

1. Желілік ашаны суырып алыңыз немесе сақтандырғышты өшіріңіз.
2. Мұздатылған өнімдерді шығарып, салқын жерге қойыңыз. Суық аккумуляторын (бар болса) ас өнімдерінің үстіне қойыңыз.
3. Шаю сұйықтығы басқару элементтеріне, жарық элементтеріне, желдеткіш саңылауларға немесе аралық тақтадағы саңылауларға кірмеуі тиіс!
Құрылғыны жұмсақ шүберекпен, жылы сумен және PH деңгейі бейтарап жуғыш затпен тазалаңыз.
4. Есік тығыздауышын тек таза сумен сүртіп, содан кейін жақсылап кептіріңіз.
5. Құрылғыны тазалағаннан кейін қайта жалғаңыз.
6. Мұздатылған өнімдерді қайта салыңыз.

Күңгірт шыны есікті тазалау

Кейбір үлгілердің шыны есігінде арнайы күңгірт қаптама бар, оның үстінде тақта борымен жазуға болады.

Ескерту

Бор қаламдарын пайдаланбаңыз, оларды қалдықсыз кетіру мүмкін емес.

Осы арнайы қаптамасы бар шыны есіктер үшін төмендегі тазалау бойынша нұсқауларды ескеріңіз:

- Тақта борын таза сумен және ысқышпен немесе тықыр шүберекпен тазалаңыз. Бұл ретте азғантай күшпен басып тұрыңыз.
- Саусақ іздерін немесе басқа майлы дақтарды әйнек тазартқышпен және жұмсақ, құрғақ шүберекпен кетіріңіз.
- Кетіру қиын дақтарды спирт немесе жуатын бензин сияқты еріткіштермен және жұмсақ, құрғақ шүберекпен кетіріңіз.

Жабдықтау

Тазалау үшін құрылғының барлық айнымалы бөлшектерін шығаруға болады.

Есіктегі сөрелерді шығару

Сурет **8**

Сөрелерді жоғары көтеріп шығарыңыз.

Шыны сөрелерді шығару

Шыны сөрелерді алға қарай тартып шығарыңыз.

Контейнерлерді шығару

Сурет **9**

Контейнерлерді шегіне дейін сыртқа тартыңыз, алдыңғы жағынан көтеріңіз және шығарыңыз.

Мұздатылған өнімдерге арналған контейнерді шығару

Сурет **10**

Мұздатылған өнімдерге арналған контейнерді шегіне дейін сыртқа тартыңыз, алдыңғы жағынан көтеріңіз және шығарып алыңыз.

Шыны сөрелі көкөніс контейнерінен шығару

Сурет **11**

Шыны сөрелі тазалау үшін шығарып алуға және бөлшектеуге болады.

Ескерту

Шыны сөрелі шығармас бұрын көкөніс контейнерін тартып шығарыңыз.

Жарықтандыру (жарық диоды)

Құрылғыңыз техникалық қызмет көрсетуді қажет етпейтін жарық диодты жарықтандыру жүйесімен жабдықталған.

Осы жарықтандыру жүйесіндегі жөндеу жұмыстарын тек қызмет көрсету орталығына немесе өкілетті мамандарға өткізуге рұқсат етіледі.

Қуат үнемдеу

- Құрылғыны құрғақ, ауа алмасатын бөлмеге қойыңыз. Құрылғыны күн сәулелерінің астына немесе жылу көзінің (мысалы, радиатор, пеш) жанына қоюға болмайды.
- Қажет болса, оқшаулағыш тақтаны қолданыңыз.
- Жылы ас өнімдері мен сусындарды құрылғыға салмас бұрын суытыңыз.
- Мұздатылған өнімдерді еріту үшін тоңазытқыш камераға қойып, мұздатылған өнімдердің суығын ас өнімдерін тоңазыту үшін пайдаланыңыз.
- Құрылғыны барынша қысқа уақытқа ашыңыз.
- Ең төмен тұтынылатын қуат дәрежесіне қол жеткізу үшін: бүйірлік қабырғадан аз аралықты сақтаңыз.
- Жабдық бөлшектерінің орналасуы құрылғының тұтынылатын қуатына еш әсер етпейді.

Қызметтік шуылдар

Қалыпты шуылдар

Ескерту

Айрықша мұздату функциясы қосылып тұрса, жұмыс шуылдары көбеюі мүмкін.

Зуылдау

Қозғалтқыштар жұмыс істеп тұр (мысалы, тоңазытқыш қондырғы, желдеткіш).

Бұрқылдау, гуілдеу немесе қайнау шуылдары

Хладагент құбырлар арқылы ағып жатыр.

Шерту

Қозғалтқыш, ажыратқыш немесе магниттік клапан қосылуда/өшірілуде.

Шытырлау

Автоматты түрде еріту орындалуда.

Шуылдардың алдын алу

Құрылғы тегіс тұрған жоқ

Құрылғыны ватерпастың көмегімен туралаңыз. Ол үшін бұрандалы аяқтарды пайдаланыңыз немесе астына бірдеңе қойыңыз.

Құрылғы жанасып тұр

Құрылғыны жанасып тұрған жиһаздан немесе құрылғылардан ары жылжытыңыз.

Контейнерлер немесе түпқоймалар теңселіп немесе қысылып тұр

Шығарып алынатын бөлшектерді тексеріп, қажетінше орнына қойыңыз.

Бөтелкелер немесе ыдыстар бір-біріне тиіп тұр

Бөтелкелерді немесе ыдыстарды бір-бірінен ары қойыңыз.

Болмашы ақауларды өз бетінше жою

Қызмет көрсету орталығына қоңырау шалмас бұрын:

Ақауды төмендегі нұсқаулардың көмегімен өз бетінше жоя алатындығыңызды тексеріңіз.

Қызмет көрсету орталығынан кеңес алу үшін жұмсалатын шығынды өзіңіз өтеуіңіз қажет – кепілдік мерзімінің барысында да!

Ақау	Ықтимал себеп	Шешім
Температура реттеуден қатты өзгешеленеді.		<p>Кейбір жағдайларда құрылғыны 5 минутқа өшіру жеткілікті болады.</p> <p>Температура тым жоғары болса, бірнеше сағаттан кейін температураның бейімделгенін тексеріңіз.</p> <p>Температура тым төмен болса, келесі күні температураны тағы бір рет тексеріңіз.</p>
Тоңазытқыш камерада немесе салқын күйде сақтау бөлімінде тым суық.		<p>Тоңазытқыш камерадағы температураны көтеріңіз.</p> <p>Салқын күйде сақтау бөліміне арналған температура реттегішін төмен жылжытыңыз. Сурет 7</p>
Мұздатқыш камерадағы температура тым жоғары.	Құрылғы жиі ашылып тұрады.	Құрылғыны қажетсіз аша бермеңіз.
	Желдеткіш және ауаны шығаратын саңылаулар бітеліп қалды.	Бөгеттерді жойыңыз.
	Үлкен мөлшердегі балғын ас өнімдерін мұздату.	Макс. мұздату мүмкіндігінен асырмаңыз.
Құрылғы тоңазытпайды, температура индикаторы және жарықтандыру элементтері жанып тұр.	Көрсетілім режимі қосылған.	<p>Дабыл түймесін, сурет 4/8, растау сигналы берілгенше, 10 секунд басып тұрыңыз.</p> <p>Біраз уақыттан кейін құрылғының тоңазытып тұрғанын тексеріңіз.</p>

Ақау	Ықтимал себеп	Шешім
Құрылғының бүйірлік қабырғалары жылы.	Бүйірлік қабырғаларда тоңазыту кезінде қызып кететін құбырлар өткізілген.	Бұл қалыпты құрылғы әрекеті болып табылады және ақау болып саналмайды. Құрылғыға тиіп тұрған жиһаз жылылық арқылы зақымдалмайды.
Жарықтандыру жұмыс істемей тұр.	Жарық диодты жарықтандыру жүйесі ақаулы.	«Жарықтандыру (жарық диоды)» бөлімін қараңыз.
	Құрылғы тым ұзақ уақыт ашық тұрған. Жарықтандыру жүйесі 10 минуттай уақыттан кейін өшіп қалады.	Құрылғыны жауып ашқаннан кейін, жарықтандыру жүйесі қайта қосылады.
Ешқандай индикатор жанбай тұр.	Ток берілуінің тоқтап қалуы; сақтандырғыш іске қосылды; желілік аша берік бекітілмеген.	Желілік ашаны жалғаңыз. Электр қуатының бар-жоғын тексеріңіз, сақтандырғыштарды тексеріңіз.
Мұздатқыш камера есігі ұзақ уақыт ашық болып тұрды; температураға бұдан былай жетпейді.	NoFrost жүйесіндегі буландырғыш (суық шығару генераторы) толықтай автоматты түрде ерімейтіндей қатты мұздап кетті.	Буландырғышты еріту үшін мұздатылған өнімдерді бөлімдерден шығарып, жақсылып қапталған күйде салқан жерге сақтауға қойыңыз. Құрылғыны өшіріп, қабырғадан ары жылжытыңыз. Құрылғы есігін ашық қалдырыңыз. Шамамен 20 минуттан кейін конденсат құрылғының артқы жағындағы буландыру сауытына аға бастайды. Бұл жағдайда буландыру сауытына конденсаттың аса толуын болдырмау үшін конденсатты ысқышпен сорып алыңыз. Буландыру сауытында конденсат бұдан былай ақпаса, бұл буландырғыштың ерітілгенін білдіреді. Құрылғы ішін тазалаңыз. Құрылғыны қайтадан қолданысқа енгізіңіз.

Құрылғының өзіндік сынағы

Құрылғыда тек қызмет көрсету орталығыңыз жоя алатын ақау көздерін көрсететін автоматты өзіндік сынақ бағдарламасы бар.

Құрылғының өзіндік сынағын іске қосу

1. Құрылғыны өшіріп, 5 минут күтіңіз.
2. Құрылғыны қосып, алғашқы 10 секунд ішінде 9 немесе 1 Super түймелерінің бірін, акустикалық сигнал берілгенше, 3-5 секунд басып тұрыңыз.

Өзіндік сынақ бағдарламасы іске қосылады.

Өзіндік сынақ орындалып жатқан кезде, ұзақ акустикалық сигнал беріледі.

Өзіндік сынақ аяқталып, екі рет акустикалық сигнал берілгенде, бұл құрылғының қалыпты күйде болғанын білдіреді.

Super түймесі 10 секунд жыпылықтаса және 5 акустикалық сигнал берілсе, бұл ақаудың орын алғанын білдіреді.

Қызмет көрсету орталығына хабарлаңыз.

Құрылғының өзіндік сынағын аяқтау

Бағдарлама аяқталғаннан кейін, құрылғы әдеттегі жұмыс режиміне ауысады.

Қызмет көрсету орталығы

Жақын жердегі қызмет көрсету орталығын телефон кітапшасында немесе қызмет көрсету орталықтарының тізімінде таба аласыз. Қызмет көрсету орталығына құрылғының артикул нөмірін (E нөмірі) және өндіріс нөмірін (ӨК) айтыңыз.


Бұл мәліметтер фирмалық тақтайшада көрсетілген. Сурет 14

Артикул нөмірі мен өндіріс нөмірін айту арқылы қажетсіз жол жүрудің алдын алуға көмектесіңіз. Осылайша қатысты қосымша шығынды үнемдейсіз.


Ақаулар орын алған жағдайда жөндеуге тапсырыс беру және кеңес алу

Барлық елдерге арналған байланыс мәліметтерін берілген қызмет көрсету орталықтарының тізімінде таба аласыз.


D	089 12 474 474
A	0810 550 544
CH	0848 840 040




1




2




3




4




5




6




7




8



9




10




11




12



13





Constructa-Neff Vertriebs-GmbH
Carl-Wery-Straße 34
81739 München, GERMANY

www.neff-international.com



8001224064 (0104)
ru, kk